

**"Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі"
республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 2000 жылғы 15 мамыр N 718

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері үшін әскери-техникалық мамандардың қажетті санын даярлауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектептері оларды қосу жолымен "Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің әскери-техникалық мектебі" (бұдан әрі - Кәсіпорын) республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығындағы субъектінің функцияларын жүзеге асырушы органы болып, Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі (бұдан әрі - Уәкілетті орган) а й қ ы н д а л с ы н .

3. Азаматтарды әскери-техникалық және өзге де мамандықтар бойынша даярлау (қайта даярлау) Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

4. Уәкілетті орган бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорынның жарғысын бекітсін және оның әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2000 жылғы 15 мамырдағы
N 718 қаулысына

қосымша

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің қайта
ұйымдастырылған әскери-техникалық мектептерінің
Тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақтау әскери-техникалық мектебі, Ақтау қаласы;

2. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Ақтөбе әскери-техникалық

- мектебі, А қ т ө б е қ а л а с ы ;
3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Алматы әскери-техникалық мектебі, А л м а т ы қ а л а с ы ;
4. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Атырау әскери-техникалық мектебі, А т ы р а у қ а л а с ы ;
5. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қарағанды әскери-техникалық мектебі, Қ а р а ғ а н д ы қ а л а с ы ;
6. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Қызылорда әскери-техникалық мектебі, Қ ы з ы л о р д а қ а л а с ы ;
7. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Павлодар әскери-техникалық мектебі, П а в л о д а р қ а л а с ы ;
8. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Петропавл әскери-техникалық мектебі, П е т р о п а в л қ а л а с ы ;
9. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Семей әскери-техникалық мектебі, С е м е й қ а л а с ы ;
10. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Тараз әскери-техникалық мектебі, Т а р а з қ а л а с ы ;
11. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Түркістан әскери-техникалық мектебі, Т ү р к і с т а н қ а л а с ы ;
12. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Орал әскери-техникалық мектебі, О р а л қ а л а с ы ;
13. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Өскемен әскери-техникалық мектебі, Ө с к е м е н қ а л а с ы ;
14. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Шымкент әскери-техникалық мектебі, Ш ы м к е н т қ а л а с ы ;
15. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Щучинск әскери-техникалық мектебі, Щучинск қаласы.